

2015 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-8/4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қаңтарда № 3646 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 41-8/1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 22.12.2015 № 41-8/1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы 8-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына мынадай әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Зайсан аудандық мәслихатының

кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Е. Келгенбаев

Д. Ыдырышев

З а й с а н	а у д а н д ы қ	м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 4	ж ы л ғ ы	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 29-8/4 шешіміне қосымша		

Зайсан аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізімі

1) "2014 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" 2013 жылғы 25 желтоқсандағы Зайсан аудандық мәслихатының № 21-11/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2014 жылдың 21 қаңтарда 3172 нөмірімен тіркелген, 2014 жылдың 12 ақпанында аудандық "Достық" газетінің № 12 (10321) санында жарияланған) шешімі;

2) "2014 жылға арналған ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 21-11/5 Зайсан аудандық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 31 қазандағы Зайсан аудандық мәслихатының № 28-2/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2014 жылдың 11 қарашада 3538 нөмірімен тіркелген, 2014 жылдың 22 қарашада аудандық "Достық" газетінің № 93 (10394) санында жарияланған) шешімі.